**«6D020100 – Философия «мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған Қабул Оралбай Құрманбайұлының «Сабақтастық философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

# СЫН-ПІКІР

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазіргі жаһандану үрдісіндегі рухани-әлеуметтік өмірімізде болып жатқан өзгерістер – мәдениет пен қоғам құбылыстарына жаңа, сапалы, қазіргі заман үрдісіне сай тұрғыдан қарауды талап етеді. Осы орайда, өркениетті елдер қатарында өмір сүруге талпынып отырған мемлекетіміздің идеологиясында сабақтастық мәселесін, қоғам құндылықтарын түсінудің маңызы зор екенін ескерсек, бұл диссертация тақырыбының өзектілігі дау тудырмайды. Қазіргі әлеуметтік ғылымдардың өзекті де дербес тақырыбы ретінде, біздің заманымыз бен Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы рухани кезеңінің дамуы үшін бұл мәселенің мәні мен мазмұнына айрықша тоқталу қажет.

Оралбай Құрманбайұлының «Сабақтастық философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» тақырыбындағы диссертация жұмысының жан-жақты ғылыми дәйектілігін сараптай отырып, бұл мәселені әлеуметтік-философиялық тұрғыда зерттеудің қаншалықты мән-маңызы бар екеніне көз жеткіземіз. Осы жағынан алғанда, докторанттың зерттеу тақырыбы, жұмыста қойылған мақсат-міндеттері, сұрақтары – өзектілігі жағынан тың әлеуметтік-философиялық, мәдениеттанулық маңызы зор ғылыми мәселелер қатарынан орын алады. Сондай-ақ диссертациялық зерттеуге еліміздің, шетелдің белгілі ғалымдарының еңбектеріндегі идеялар, ғылыми концепциялардың негіз болғанын және оның жұмыста нақты көрініс тапқанын, ізденушінің зерттеудің негізгі қағидаттарын анықтауда оларды теориялық тұғырнама ретінде ұтымды қолдана білгенін атап өту керек.

Ойымызды тұжырымдап айтсақ, ізденуші қазіргі таңдағы жеткілікті дереккөздерге сүйене отырып, сабақтастық ұғымы арқылы қазақ қоғамы құндылықтарының әртүрлі типтегі әлеуметтік-мәдени тенденцияларының мазмұнын соны ғылыми-әдіснамалық тұрғыда талдап, нақты жағдайлармен тығыз байланыста қарастыру арқылы қазіргі көріністері мен даму ерекшеліктерін көрсетіп, осы арнадағы рухани-әлеуметтік үдерістің сипаты мен даму бағдарларын философиялық тұрғыдан пайымдаған.

Адамзаттың тарихи дамуы барысында қалыптасқан күрделі де өзіндік феномен болып табылатын сабақтастықтың болмысы мен көрінісінің барлық қырын бір ғана зерттеу жұмысы аясында тұтас қамтып, философиялық талдау нысанына айналдыру мүмкін емес. Дегенмен ізденуші сабақтастықтың қоғамдық өмір құбылысы ретіндегі әдіснамалық-теориялық

негіздерін саралап, осыған байланысты тұжырымдамаларды талдап, мәні мен маңызын анықтаған. Сондай-ақ қоғам дамуындағы мәдени-әлеуметтік сабақтастықтың рөлін көрсетіп, құндылықтардың құрылымы мен типологиясын жан-жақты бағамдаған. Осының негізінде қоғамымыздағы құндылықтар болмысын – дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі рухани сабақтастық; Қазақстандағы рухани-адамгершілік үдерісінің негізгі мәселелері; қазақтың дәстүрлі этикалық құндылықтарының трансформациясының ерекшеліктері; заманауи құндылықтық сабақтастық бағдарларын терең зерделеу арқылы ашып көрсеткен. Осы ретте ізденушінің жаһандану үрдісінің қоғам құндылықтарына тигізер ықпалын көрсетіп, оны ұлттық мүддеге бейімдеу мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда тұжырымдауға да жете көңіл бөлгені – бұл жұмыстың ұтымды жағын көрсетеді.

Аталған дисертацияда зерттеуге негіз болған мәселелер елімізде атқарылып жатқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламаларының жалпы бағытымен сәйкес келеді және осы аяда жүзеге асып жатқан жұмыстардың практикалық шешім табуының көрінісі деп есептеуге болады.

Автор өзі көтерген тақырыпты ашуда кейінгі жылдары қазақ дүниетанымы мен философиясын зерттеу арнасында тиімді қолданылып жүрген әдістерді пайдаланып, нәтижелі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізген деуге толық негіз бар екенін байыптаймыз.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер**

Диссертацияның мазмұны үш бөлімде қамтылған және олардың әрқайсысы үш тарауда көрсетілген. Зерттеу мақсатына сәйкес, міндеттердің шешімін табу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Сабақтастықтың мәні мен маңызы анықталған ***бірінші ғылыми нәтижеде*** сабақтастық ұғымының сан қырлы болмысы және адамзаттың әлеуметтік тәжірибесінің жинақталуы мен эволюциясының мазмұны тарқатылған.

Сабақтастық тұжырымдамасы мәдени дамудың алғышарты мен заңдылығы ретінде анықталған ***екінші ғылыми нәтижеде*** мәдениеттің өрбу үдерісіндегі мәні мен маңызы зерделенген.

Құндылықтар өзгерісін туындатқан әлеуметтік-экономикалық ахуал мен рухани-адамгершілік сабақтастықтың мәдени-әлеуметтік тетіктері бірлікте қарастырылған ***үшінші ғылыми нәтижеде*** аталған мәселелер түйініне салыстырмалы талдау берілген.

Қазақстандағы рухани-адамгершілік үдерісін анықтауға бағытталған ***төртінші ғылыми нәтижеде*** мәселе мәні тарихи-философиялық таным тұрғысынан байыпталған.

Қазақтың дәстүрлі этикалық құндылықтарының трансформациясы дәйектелген ***бесінші ғылыми нәтижеде*** ізденуші фактілер констатациясы мен мәселелер шоғырын анықтаумен ғана шектелмей, өзіндік ой-тұжырымдарын ұсына білген.

***Алтыншы ғылыми нәтижеде*** құндылықтық сабақтастықты жалғауды тарихи жадты жаңғырту, тіл мәдениеті, білім беру үдерісімен ұштастыруға қатысты дәйекті тұжырымдармен түйінделген.

**3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиже, тұжырымдар мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

***Бірінші ғылыми нәтиже*** нақты әрі жан-жақты негізделген. Сабақтастық құбылысы мәселені зерттеудің теориялық және әдіснамалық қырларын қамтудың негізінде зерделенген. Осы тақырыпқа байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерттеуге негіз болғанын және оның жұмыста көрініс тапқанын атап айту керек.

***Екінші ғылыми нәтиже*** дәйектілігі нақты. Мәдени даму динамикасы және қазіргі әлемдегі құндылықтар өзгерісінің әлеуметтік-философиялық негіздемесі нақты тұждырымдалған. Қоғамның мәдени өзегін құрайтын әлеуметтік құрылымдардың өрбуіндегі сабақтастықтың мазмұны негізді дәлелденген. Осы орайда бірқатар теориялық еңбектерге орынды сілтемелер жасалып, тұжырымдар шынайы айғақталған.

***Үшінші ғылыми нәтижеде*** нақты және дәлелденген нәтижелер көрініс тапқан. Құндылықтар трансформациясының алғышарты ретінде қарастырылған әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар сипаты Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени үдерісімен байланыста бағамдалып, ғалымдар көзқарасындағы заманауи әлем көрінісін айқындайтын ұстындар көрсетілген. Осының негізінде сабақтастық ұғымының мәні бірқатар іргелі тұжырымдармен байланыста айшықталуы қалыптасқан түсініктерді жаңа мазмұнда түсіндіруге септігін тигізген.

***Төртінші ғылыми нәтиже*** негізделген және дәйектелген. Рухани-адамгершілік сабақтастықтың мәдени-әлеуметтік тетіктері қисынды жүйеленген. Қазақ қоғамындағы сабақтастықты жүзеге асырудың тарихи мысалдары көрсетіліп, қазіргі кездегі өзектілігі бағамдалған.

***Бесінші ғылыми нәтиже*** нақты және дәлелденген сипатқа ие. Қазақ ұлтының этикалық құндылықтарының трансформациясының себептері мен салдары жан-жақты дәлелденген. Сабақтастықтың үйлесімді негізін байыптауда іргелі философиялық түсініктер мен тұжырымдамалардың өзектілігі көрсетілген.

***Алтыншы ғылыми нәтиже*** тұжырымдары анық және дәлелді. Жаһандану дәуіріндегі әлеуметтену үдерісіндегі түйткілді мәселелер анықталып, ұлттық құндылықтың негізгі категориялары талданған. Радикалды идеологияларды еңсерудегі, әлеммен зерделі коммуникация орнатудағы құндылықтық сабақтастықтың мәні мен рөлі анықталған.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

***Бірінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа.*** Сабақтастық мәселесі – отандық философиялық арнада әр қырынан зерттеліп келе жатқан тақырып. Дегенмен замана өзгерісі мен мәдениет үдерісі осы тақырыптың қазіргі әлеуметтік ғылымдағы басты мәселелердің бірі әрі бірегейі болып қала

беретінін көрсетіп отыр. Ізденуші осы мәселені зерттеудің теориялық-әдіснамалық қырларын анықтауда шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне сүйенуімен қатар, өзіндік тұжырымдарын да дәйектеген.

***Екінші ғылыми нәтиже жаңа.*** Автор сабақтастық тұжырымдамасының оңтайлы біржақты дәйектемелерін беруді емес, жан-жақты, ғылыми сараланған ой-тұжырымдарды ұсыну арқылы осы құбылыстың жағымды да, теріс жақтарын да айқындап, толыққанды талдау жасаған. Осылайша, қазіргі қоғамдағы сабақтастықтың мазмұнын бағамдап, тұжырымдаманы зерттеудегі кешенді философиялық көзқарастың қажеттігін көрсетіп, өз ұстанымдарын да негіздеп берген.

***Үшінші ғылыми нәтиже салыстырмалы тұрғыда жаңа.*** Жаһандану жағдайындағы сабақтастық пен мәдени бірегейлік және оның дағдарысы мен қайта түлетуге қатысты ғалымдардың тұжырымдамалары ой талқысына ұсынылған. Ізденуші осы мәселе аясында негізгі көзқарастар желісін бағамдаумен қатар, руханилық, бірегейлік, тіл, дәстүр, толеранттылық тұжырымдарын тақырып аясымен байланыстырып, ашықтаған.

***Төртінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа.*** Қазақ руханиятының бастаулары мен даму кезеңдері, негізгі ұстындары зерделеніп, ұлттық болмыстағы сабақтастық айқындалған. Осы құбылысты зерттеудегі тарихи-әдіснамалық мәселелер алаңға шығарылған.

***Бесінші ғылыми нәтиже жаңа.*** Ұлт құндылықтарының тұтас жүйе ретіндегі мәні зерделеніп, қоғам тұтастығы мен дамуын қамтамасыз етудегі рөлі негізделген. Дәстүрлі құндылықтар трансформациясының ерекшеліктері сараланып, мемлекеттің қазіргі кездегі ұлттық-мәдени алаңдағы негізгі ұстанымдарының негізгі бағыттары дәйектелген.

***Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа.*** Жаһандану аясындағы сан алуан мәдениет үрдістерін ұлттық мүддемен үйлестіру, әлеуметтік-мәдени, рухани-адамгершілік тұтастыққа қол жеткізудегі, игі дәстүрлер мен инновацияның қатар дамуын қамтамасыз етудегі құндылықтар трансформациясы мен сабақтастық феномені зерделенген. Автор осы тұрғыдан Қазақстан қоғамының құндылықтар трансформациясындағы сабақтастық құбылысын жеке зерттеу тақырыбына айналдырып, бұл арнадағы зерттеулердің негізінде диссертацияның алдына қойылған ғылыми міндеттерді шешуге өзіндік үлес қоса алған.

**5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Зерттеудің теориялық құндылығы сабақтастық ұғымы негізінде құндылықтар трансформациясының әлеуметтік-философиялық негіздерін зерделей отырып, оның ішкі рухани болмыстық мәнін тану мен заманауи қоғамдық үдерістермен астасқан сипатын философиялық деңгейде пайымдауында анықталған.

Диссертациялық зерттеу материалдарын философия, мәдениеттану, әлеуметтану, дінтану, пәндерін жүргізуде және философия мамандығында «Философиялық антропология», «Әлеуметтік антропология», «Этика», «Қазіргі қоғам философиясы», «Этика» пәндерін оқыту үдерісінде, сондай-ақ

дәстүр және сабақтастық мәселелері бойынша арнайы курстар ұйымдастырып, дәріс оқуға, көмекші құрал ретінде қолдануға, осы арнадағы ғылыми зерттеулерде пайдалануға болады.

**6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері және оның негізінде жасалған диссертация тұжырымдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия кафедрасында талқылаудан өтіп, әртүрлі ғылыми басылымдарда, халықаралық ғылыми конференцияларда, ғылыми журналдарда мақалалар жарияланған. Атап көрсетсек, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика, гуманитарлық пәндер бойынша диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған арнайы журналдарда – 3; отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференция жинақтарында – 4; *Scopus* базасында индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналда 2 мақала жарияланып, сыннан өткен. Жарияланған мақалалар диссертация мазмұнына, нәтижелері мен қорытындыларына толығымен сәйкес келеді.

**7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық деңгейі жеткілікті, қойылған мақсат-міндеттерді толық іске асырған, ғылыми құндылығы жоғары, жаңа нәтижелер мен тұжырымдарға қол жеткізген жұмыс, дегенмен ізденіске байланысты бірнеше ұсыныстар мен ескертпелер бар:

1. Зерттеу жұмысының кей тұсындағы ой шашыраңқы, диссертант бір мәселені қарастыруды логикалық тұрғыдан аяғына дейін жеткізбей, келесі мәселеге ауысып кетеді.

2. Диссертация жұмысының тақырыбы контексінде сабақтастық мәселесін зерттеуде Кант, Гегель сияқты философтардың есімі аталғанымен, докторант осы арнадағы классикалық еңбектер мен зерттеулерге, қалыптасқан ой бағыттарына тым аз мән берілген. Оның орнына ізденуші ресейлік авторларға көбірек жүгінген.

3. Автордың диссертация жұмысының басында берілген анықтамаларды және қысқартулар мен белгілеулерді не үшін бергені мүлде түсініксіз. Бұл ізденушінің базалық білімінің әлеуметтану мамандығы бойынша алғанын көрсеткенімен, зерттеуде әлеуметтанулық дискурстың қамтылмауы екіұдай пікір тудырады. Әлеуметтанулық аспект зерттеуді күшейтіп, ұтымдылығын арттыра түсері анық еді. Екіншіден, анықтамада берілген ұғымдардың кейбірі диссертация мазмұнына қатысы тұрғысынан іргелі, мазмұны терең, тікелей байланысы бар терминдер деп айта алмаймыз. Мысалы анклав термині жұмыста бір ғана жерде, онда да сілтеменің ішінде берілген. Ал диссертацияның тақырыбында көрсетілген трансформация терминіне берілген анықтаманы анықтама деуге тіпті келмейді.

4. Жұмыста грамматикалық, орфографиялық және стилистикалық қателіктер жиі кездеседі. Бұл диссертацияның алғашқы бетінен аяғына дейін ұласқан.

5. Бесінші қазақша ұғымдарды, сөздерді, еңбек аттарын беруде бірізділік сақталмаған. Ізденуші мәтіннің бір тұсында «Грекия» десе, енді тұсында «Греция» дейді. Сондай-ақ *Дагестан, звено, семья, «то же самое» т.б.* сөздер туралы да осыны айтуға болады. Еңбектердің атаулары бір бетте қазақша берілсе, басқа бетте орысша берілген (мысалы, «Д. Мережовский «Грядущий Хамда» бейнелеп...?»). Осы ретте нақты бір ереженің сақталғаны жөн болар еді.

Алайда бұл аталған кемшіліктер диссертацияның жалпы құндылығына нұқсан келтірмейді.

**8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестілігі.**

Диссертант Қабул Оралбай Құрманбайұлының «Сабақтастық философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» тақырыбында жазылған осы диссертациялық жұмысы – өзекті мәселені шешуге бағытталған, ғылыми нәтижелері, тұжырымдары, қорытындылары толыққанды ғылыми еңбек. Алынған нәтижелердің шынайылығы мен ұстанымының жаңалығы, әлеуметтік жауапкершілігі бар зерттеу ретінде, философия ғылымдарының қазіргі даму деңгейіне сәйкес келеді және практикалық сұранысқа ие. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитетінің талаптарына толық жауап береді.

Тұжырымдай келе, диссертация авторы Оралбай Құрманбайұлы Қабул «6D020100 – Философия «мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми сын-пікір беруші**
«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының
редакторы, философия ғылымдарының кандидаты Әсет Құранбек